

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

Z05T8F6, город Нур-Султан,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: q@nationalbank.kz

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ
Қ.К. ТОҚАЕВҚА**

**«Мемлекетаралық валюта комитетін құру туралы
1995 жылғы 26 мамырдағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы
хаттаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасының
Президенті Жарлығының жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының атынан қол қойылған, мемлекетішілік рәсімдерді жүргізуді көздейтін, ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарды Қазақстан Республикасының Президенті бекітуге, қабылдауға тиіс.

«Мемлекетаралық валюта комитетін құру туралы 1995 жылғы 26 мамырдағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы (бұдан әрі – Жарлық жобасы) көрсетілген Хаттаманың күшіне енуін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Жарлық жобасы 2013 жылғы 25 қазанда Минск қаласында жасалған Мемлекетаралық валюта комитетін құру туралы 1995 жылғы 26 мамырдағы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы бекітуді көздейді.

2013 жылғы 25 қазанда Минск қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттер қабылдаған «Мемлекетаралық валюта комитетін қысқарту және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қаржы, валюта-төлем және кредиттік қатынастар саласындағы

одан әрі ынтымақтастығы туралы» ТМД Үкіметтерінің басшылары кеңесінің шешімімен Мемлекетаралық валюта комитеті қысқартылды.

ТМД үкіметтерінің басшылары қаржы, валюта-төлем және кредиттік қатынастар саласындағы ынтымақтастықты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қаржы министрлерінің тұрақты жұмыс істейтін кеңесінде және ТМД-ның осы саладағы салалық ынтымақтастық органдарында, оның ішінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Салық қызметтері басшыларының үйлестіру кеңесінің, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Бағалы қағаздар нарықтарын реттеу жөніндегі мемлекеттік органдар басшылары кеңесінің, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Сақтандыруды қадағалау органдары басшыларының мемлекетаралық үйлестіру кеңесінің, ТМД-ның Атқарушы комитеті жанындағы Бухгалтерлік есеп жөніндегі үйлестіру кеңесінің, сондай-ақ Мемлекетаралық банктің жүзеге асыруы жөнінде шешім қабылдады.

Қаралып отырған мәселе бойынша бұдан бұрын «Мемлекетаралық валюта комитетін құру туралы келісімді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қазандағы № 4118 Жарлығы қабылданды.

Жарлықтың жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық салдарға, сондай-ақ республикалық бюджеттен жұмсалатын шығыстарға алып келмейді.

Төраға

Е. Досаев